

«Бекітемін»

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Менгеруші: А.М. Жансекетова



Қаралды: 

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Ж.Ж. Сағызбаева

Кіші «Балапан» тобының 2023-2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1. Дене шынықтыру	09:45 10:05	09:45 10:05		09:40 09:55	
Дене тәрбиесі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3. Сенсорика	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
4. Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5. Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6 Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
7 Жапсыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
8 Құрастыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
9 Музыка					09:45 10:00
Музыка***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Арнайы түзетуші					



«Бекітемін»  
«Баласағ» бөбекжай-балалықшасы» МКҚК  
Менгеруші: А.М.Жанекішова

Қарағлы:  
«Баласағ» бөбекжай-балалықшасы»  
Әдіскер: Ж.Ж.Сағызбаева

## Кіші «Балтапан» тобының жылдық жұмыс жоспары



Бөстөгүчү  
«Балдуусо» бөбөкөй-балдыкышысы» МККК  
менгерүүшүсү



Кагылды:  
«Балдуусо» бөбөкөй-балдыкышысы» МККК  
дәкскері


Ж.Ж. Сагымбаева

## Кіші «Балталан» тобының күн тартибі 2023-2024 жыл.

<b>Режимдік сәттер</b>	<b>Уақыты</b>
1	2
Кабылдау, тексеріп-кабылдау, танертенгі жаттыгу, үстел үсті, саусақ, дидактикалык ойындар	7.30- 8.00
Таңгы аска дайындык, таңгы ас	8.30- 9.30
Дербес әрекет, ҰОК дайындык	9.30 –10.00
ҰОК (үзілістерді коса алганда)	10.00-10.35
Серуенге дайындык, серуен	10.35-11.40
Серуеннен оралу	11.40-12.00
Түскі аска дайындык, түскі ас	12.00-12.30
Ұйқыга дайындык, ұйқы	12.30-15.00
Біртіндеп тұру, ауа, сүем шаралары	15.00-15.30
Бесінасы	15.30-16.00
Дербес әрекет, ҰОК дайындык	16.00 -16.35
Серуенге дайындык, серуен	16.35-17.00
Серуеннен оралу	17.30–17.50
Балалардың үйге кайтуы	17.50–18.30

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.А.Жансегітова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

## «Балапан» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** «Балауса» бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024оқу жылы қыркүйек айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	<b>Дене шынықтыру</b>	Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
	<b>Сенсорика</b>	қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
	<b>Құрастыру</b>	заттар туралы түсініктерді, құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу

	әдістерін қалыптастыру; құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;
<b>Сурет салу</b>	материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу; көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру
<b>Жапсыру</b>	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, орналастыру.
<b>Музыка</b>	музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы қазан айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қазан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	<b>Сенсорика</b>	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	әр түрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;
	<b>Құрастыру</b>	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды қолданып, ойнауға

	<p>мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балаларды бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МККК «Балауса» бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы қараша айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қараша</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнауды; артикуляциялық жаттығуларды орындауды; жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды; суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету
	<b>Көркем әдебиет</b>	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету
	<b>Құрастыру</b>	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру.
	<b>Сурет салу</b>	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді

	заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:
<b>Жапсыру</b>	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.
<b>Музыка</b>	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса» бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы желтоқсан айы.

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Желтоқсан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балалар қыс мезгілі туралы түсінеді, қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіну. Өлең жолдарын мағынасын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы ,балалар қыс мезгілі туралы түсіндіре отырып, қысқы ойын түрлерін үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныса отырып, өлең жолдарындағы қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру.
	<b>Сенсорика</b>	Беттестіру /бетіне қою/ әдісі арқылы ұзындықты салыстыру, түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуді түсіндіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Қардың бақылайды, оның ақ және үлпілдек екенін көреді, қардың қасиетімен таныстыру, Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы , әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.
	<b>Құрастыру</b>	Балалар қиылған қағаз бөліктерден құрастыруды біледі. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрену
	<b>Сурет салу</b>	Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға , трафарет көмегімен қағаз бетіне затты ұқыпты түсіруді түсіндіру.
	<b>Мүсіндеу</b>	Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, ермексазды илеу, домалақтау, созу тәсілдерін үйрету.

<b>Жапсыру</b>	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.Жапсыру техникасын түсіндіру.Қауіпсіздік ережелерін ескерту.
<b>Музыка</b>	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса»бөбежай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы қаңтар айы .

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қаңтар</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білу. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау. Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді және бір бағытпен гимнастикалық орындық үстінен түзу жүруді үйрету. Екі жіп арасынан түзу жүру ,тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық жасауды түсіндіру. Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру. Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру
	<b>Сенсорика</b>	Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету. Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету,қардың қасиетімен таныстыру. Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету.
	<b>Құрастыру</b>	Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыру Балаларға қиылған қағаз бөліктерінен шыршалар құрастыруды үйрету. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрету.
	<b>Сурет салу</b>	Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру. Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты

	түсіре білу. Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту.
<b>Мүсіндеу</b>	Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу.
<b>Музыка</b>	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балуса»бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы ақпан айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	<b>Дене шынықтыру</b>	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Сұрақтар қоя білу, ойыншықтар, суретте бейнеленгендер туралы айтып беру. Айналасындағылардың сөздерін, тұрмыстық немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдауды. Сөз тіркестерін айту, таныс шығармалардан үзінді ойнай білуді; кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету
	<b>Құрастыру</b>	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру.
	<b>Сурет салу</b>	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек

	сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:
<b>Жапсыру</b>	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.Жапсыру техникасын түсіндіру.Қауіпсіздік ережелерін ескерту.
<b>Музыка</b>	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса»бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы наурыз айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүруді, кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру, Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).</p> <p>Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуді дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.
	<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін түсіну.

	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.
<b>Құрастыру</b>	Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып текшелерді үйлестіріп құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру:
<b>Жапсыру</b>	қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету
<b>Музыка</b>	Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса»бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы сәуір айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	<b>Дене шынықтыру</b>	Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, шашырап жүгіру. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту
	<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Гүлдердің түр – түстерін ажырата білу. Өсімдіктерді күту ережелерін білуге дағдыландыру. Балалар жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерін айыра білу. (көбелек, қоңыз). Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай отырып, табиғат туралы түсінік қалыптастыру.

<b>Құрастыру</b>	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгере отырып, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табу. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
<b>Сурет салу</b>	Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, заттарды безендіруге үйренеді. Балалар ғарыш әлемі, табиғаттағы шөп, гүл, ағаш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіре білу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау.
<b>Жапсыру</b>	Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыра білу. Көктем мезгілінде құстарға жемсауыт пен ұяны жапсыру әдістерін түсіне отырып, үлгі бойынша жапсыру. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының дағдыларын игеру.
<b>Музыка</b>	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балауса»бөбекжай балабақшасы

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023-2024 оқу жылы мамыр айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	<b>Дене шынықтыру</b>	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүру, белгі бойынша тоқтап жүру, жүруде тепе-теңдікті сақтау заттардың бойымен, астымен еңбектеу, ересектермен бірге дене жаттығуларын орындау, спорттық жаттығуларды орындау техникасын және бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауын бекіту. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерін түсіне отырып, туған жердің табиғатына деген қызығушылықтары дамыту. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Табиғаттың досы болуға. оны қорғай білуді түсіндіру. Өлең жолдарын мағынасын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы түсіну дағдысын бекіту.
	<b>Көркем әдебиет</b>	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға , достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры арқылы көрсетуді үйрене отырып, кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.
	<b>Сенсорика</b>	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау, қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын, ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табуды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыру. Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін,

	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды, заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді, заттардың санын ажырату дағдыларын меңгерту.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді түсіну, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды бекіту.
<b>Құрастыру</b>	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Геометриялық пішіндермен жұмыс жасауға дағдыландыру. Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре отырып, құрастыруды бекіту.
<b>Сурет салу</b>	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы, трафарет т.б әдістермен сурет салу дағдысын дамыту.
<b>Мүсіндеу</b>	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын бекіту.
<b>Жапсыру</b>	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Жапсыру техникасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін ескерту.
<b>Музыка</b>	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.